

Ы.М. Палтөре 

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: yktyiar@inbox.ru

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ЛЕЙДЕН КІТАПХАНАСЫНДА САҚТАЛҒАН ҚОЛЖАЗБА ТРАКТАРТТАРЫНА ТАЛДАУ

Мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің бізге жеткен қолжазба трактаттарына көңіл бөлу мәселесі көтеріледі. Зерттеу жұмысының мақсаты – Нидерландының Лейден университетінің кітапханасында Әбу Насыр әл-Фарабиге тиесілі қолжазбаларды анықтау, оларға талдау жасау. Олардың нақты саны мен толық атын анықтаудың қажеттілігі алға тартылады. Сондай-ақ әл-Фарабидің күні бүгінге дейін ғылыми айналымға енбеген тек қолжазба күйінде сақталып отырған трактаттарының саны аз еместігіне көңіл аудартылады. Бұл мақалада Нидерландыдағы Лейден университеті кітапханасында сақтауда тұрған әл-Фарабиге тиесілі қолжазба трактаттардың жалпы саны мен аты анықталып, олардың кітапханадағы тіркеу нөмерлері нақты көрсетіледі. Осы трактаттар арасында әлі ғылыми айналымға енбеген, қазақ тіліне аударылмаған трактаттың бар екендігі айтылады. Сипаттамасы берілген *Maqālāt ar-Rafī'a fī Uṣūl 'Ilm aṭ-Ṭabī'a* (Тіркеу нөмері: Or.2930); *'Uyūn al-Masā'il* (Тіркеу нөмері: Or.184:13); *Fī mā yanbağī an yuqaddama qabla ta'allum al-falsafa* (Тіркеу нөмері: Or. 184:7) атты осы 3 (үш) қолжазба трактаттың алғашқы және соңғы беттерінің көшірме нұсқалары қоса берілді. Мақаланы әзірлеу барысында әл-Фарабиге тиесілі бірегей қолжазбаларды жинау, топтастыру, саралау, салыстыру, түпнұсқадан аудару, дәйектеу, тұжырымдау және т.б. әдістер қолданылды.

Түйін сөздер: Әл-Фараби, қолжазба, түпнұсқа мәтін, аударма, сипаттама.

Y.M. Paltore

Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty
e-mail: yktyiar@inbox.ru

Analysis of Al-Farabi's manuscript treatises stored in the Leiden library

The article raises the question of paying attention to the extant handwritten treatises of Abu Nasr al-Farabi. The necessity of determining their exact number and full name is emphasized. Attention is also drawn to the fact that a number of al-Farabi's treatises, which were not included in scientific circulation, have been preserved only in handwritten form.

This article defines the total number and titles of handwritten treatises belonging to al-Farabi, stored in the library of Leiden University in the Netherlands, and also clearly indicates their registration numbers in the library. It is noted that among these treatises there is a treatise that has not yet entered scientific circulation and has not been translated into Kazakh. Described in *Maqālāt ar-Rafī'a 'Ilm Uṣūl fī aṭ-Ṭabī'a* (registration number: Or.2930); *'Uyūn al-Masā'il* (registration number: Or.184:13); *Fī mā yanbağī an yuqaddama ta'allum qabla al-falsafa* (registration number: Or. 184:7) copies of the first and last pages of these 3 (three) manuscripts of the treatise are attached.

During the preparation of the article, methods of collection, grouping, differentiation, comparison, translation from the original, citation, wording, etc. of unique manuscripts belonging to al-Farabi were used.

Key words: al-Farabi, manuscript, original text, translation, description.

Ы.М. Палторе

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы
e-mail: yktyiar@inbox.ru

Анализ рукописных трактатов аль-Фараби, хранящихся в Лейденской библиотеке

В статье поднимается вопрос об уделении внимания дошедшим до нас рукописным трактатам Абу Насра аль-Фараби. Подчеркивается необходимость определения их точного количества и полного наименования. Также обращается внимание на то, что ряд трактатов аль-Фараби, не вошедших в научный оборот, сохранились только в рукописном виде. В этой статье определяется общее количество и названия рукописных трактатов, принадлежавших аль-Фараби, хранящихся в библиотеке Лейденского университета в Нидерландах, а также четко указаны их регистрационные номера в библиотеке. Отмечается, что среди этих трактатов есть трактат, еще не вошедший в научный оборот и не переведенный на казахский язык. Описанные в Maqālāt ar-Raḥī'a fī Uṣūl 'Ilm aṭ-Ṭabī'a (регистрационный номер: Or.2930); 'Uyū'n al-Masa'īl (регистрационный номер: Or.184:13); Fī mā yanbağī an yuqaddama qabla ta'allum al-falsafa (регистрационный номер: Or. 184:7) копии первых и последних страниц этих 3 (трех) рукописей трактата прилагаются. В ходе подготовки статьи использовались методы сбора, группировки, дифференциации, сравнения, перевода с оригинала, цитирования, формулировки и др. уникальных рукописей, принадлежащих аль-Фараби.

Ключевые слова: аль-Фараби, рукопись, оригинальный текст, перевод, описание.

Кіріспе

Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың бізге жеткен мұрасының қолжазба нұсқалары кезінде өзі өмір сүрген қазіргі Өзбекстан, Иран, Ирак, Түркия, Сирия, Сауд Арабия, Мысыр кітапханаларында сақталуда. Десек те бұлардан бөлек әлемнің көптеген кітапханаларында әсіресе еуропаның, тіпті мұхиттың ар жағындағы АҚШ-тың кітапханаларында әл-Фарабиге тиесілі бірегей қолжазба трактаттардың сақтаулы тұрғаны арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізудің қаншалықты маңызды екендігін аңғартады. Мысалы ретінде айтар болсақ, профессор Акрам Хабибуллаевтың «Аждодлар мероси: АҚШ-даги кулезмалар» атты 2022 жылы жарық көрген еңбегінде АҚШ-тың Принстон университетінің кітапханасында «Шарх Зинун – شرح زينون» (Зенонға шарх, түсіндірме), «Мабади ал-маужудат уа илә ахир – مبادئ الموجودات... وإلخ» (Бар нәрселердің негіздері және тағы басқалар), «Рисала фит-масауур – رسالة في التصور» (визуализация, елестету жайлы трактат), «Расаил – رسائل» (Трактаттар), Мичиган университетінің кітапханасында «Мажмуат ар-Расаил – مجموعة الرسائل» (Трактаттар топтамасы), «Уюун әл-мәсаил – عيون المسائل» (Мәселелердің бастауы), ал Колумбия университетінің кітапханасында

«Рисала фанн әл-муסיқа – رسالة فن الموسيقى» (Музыка өнері туралы трактат), Йель университетінің кітапханасында «Китаб фи илм әл-мижаз – كتاب في علم المزاج» (көңіл-күй, адам рухы, психология ілімі жайлы кітап)» атты трактаттары сақтаулы тұрғандығын жазған. Тағы бір мысал айтар болсақ, марқұм академик Әбсаттар қажы Дербісәлі ұстаз өзінің «Әбу Насыр әл-Фараби – Ұлы даланың дара тұлғасы»¹ атты еңбегінің 273-274 беттерінде Испаниядағы Эскураиал кітапханасында сақталған әл-Фарабидің 10 қолжазба трактатының атын атап өтеді. Біз бұл трактаттар туралы толығырақ ақпаратты алдағы уақытта арнайы мақалада айтатын боламыз.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу

Осы мақалада біз Нидерландыдағы Лейден университеті кітапханасында сақтауда тұрған әл-Фараби бабамызға тиесілі қолжазба трактаттарға тоқталып, оларға талдау жасап шығуды мақсат етеміз. Бұған түрткі болып отырған бір себеп бар. Еліміздің құрметті азаматы, ұлағатты ұстаз Ғарифолла Есімнің «Дүниетаным баяны» атты еңбегінің 44-бетінде: «...Ал Блаватскаяның «Теософиялық сөздігінде» Фараби туралы мынандай мәлімет бар: «Әл-

¹ Әбсаттар қажы Дербісәлі. Әбу Насыр әл-Фараби – Ұлы даланың дара тұлғасы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2020.- 420 б.

Фараби Ар-Абу Наср. Парсы. Өз заманының атақты философы, Аристотель танушы. 950 жылы туған. 1047 жылы кісі қолынан қаза болған. Ол тек философ емес, гипноздық қасиеті де болған. Оның герметикалық (тылсымдық) мәнінде жазылған еңбектерін Лейден кітапханасынан кездестіруге болады» (көрсетілген еңбек М., 1994:37)² деген мәтінді оқып, бұл ақпаратқа іштей көңілім толмады. Біріншіден, әл-Фарабидің тегі «парсы» деп айтуы, екіншіден, оның туған жылын «950 жылы туған» деп, ал қайтыс болған жылын «1047 жылы кісі қолынан қаза болған» деп көрсету. Үшіншісі, «ол тек философ емес, гипноздық қасиеті де болған» деп кесіп айтуы. Ал төртінші «оның герметикалық (тылсымдық) мәнінде жазылған еңбектерін Лейден кітапханасынан кездестіруге болады» деген сөйлемдер мені осы мақаланы жазуға себеп болып отырғаны ақиқат. Бұл айтылған ақпаратта қалай болғанда да бір кемшіліктер бар. Оны анықтау үшін ең алдымен көрсетілген сілтеме арқылы мәтіннің түпнұсқасын іздеуге кірістім. Оны біраз уақыт бойы іздеп жүріп таптым. Онда: «Ар-Абу Наср-ал-Фараби, по латински назван Альфарабием, перс и величайший аристотелевский философ своей эпохи. Родился в 950 году н.э. и, как сообщают, был убит в 1047 году. Он был герметическим философом и обладал способностью гипнозирования посредством музыки, заставляя тех, кто слушает его игру на лютне, смеяться, плакать, плясать делать то, что ему угодно. Некоторые из его трудов по Герметической философии можно найти в Лейденской библиотеке»³ деп жазылған. Бұл сөздік негізі 1892 жылы ағылшын тілінде басылған екен.

Сондықтан бұл сөздіктегі әл-Фарабидің тегіне, туған жылы мен қайтыс болған уақытына қатысты айтылған пікір бүгінде толықтай жарамсыз. Себебі қазір қаншама жазба деректер оның түркі текті болғандығын, туған жылы 870 жыл, ал қайтыс болған жылын 950 деп нақты көрсетіп отыр. Бұл туралы академик Әбсаттар қажы Дербісәлі ұстаздың «Әбу Насыр әл-Фараби – Ұлы даланың дара тұлғасы»⁴ атты

² Ғарифолла Есім Дүниетаным баяны. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2020. – 400 б.

³ Блаватская Елена П Теософский словарь London ets., Theosophical publ., 1895 Н.Р. Blavatsky. The Theosophical glossary. London 1892.

⁴ Әбсаттар қажы Дербісәлі. Әбу Насыр әл-Фараби – Ұлы даланың дара тұлғасы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2020.– 420 б.

еңбегінің 119-124 беттерінде жан-жақты талдап жазылған. Бүгінде бұл мәселеге ешкімнің таласы жоқ. Тіпті парсы текті болмағандығына қатысты Иран елінің ұстанымы айқын деуге болады. Бұл сөзімізге дәлел ретінде 2022 жылы 20 маусымда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Иранға жасаған ресми сапары кезінде Ислам революциясының жетекшісі Аятолла Хаменеи: «Фараби тегі қазақстандық – ислам философы әрі ойшылы (فارابی به عنوان یک فیلسوف و دانشمند اسلامی (که اصالت قزاقستانی دارد). Оның еңбектері Иранда мың жыл бойы зерттеліп, талқыланып келеді. Әл-Фараби екі ел арасында ортақ ғылыми комитет құруға және мәдени әріптестікті дамытуға негіз бола алады»⁵, – деп нақты ұсыныс жасады. Бұл ұсыныс Қазақстан Президенті тарапынан да қолдау тапқандығын назардан шығармауымыз тиіс.

Біз әл-Фарабидің туған жылына қатысты «870 жыл» деген нақты жазба деректерді негізге ала отырып, 2020 жылы күллі адамзат баласының игілігі мен бақытты болуын армандаған әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдық мерейтойын халықаралық деңгейде атап өттік. Бұл жылға ерекеше көңіл бөлінді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдың 26 тамызындағы №133 жарлығында 2020 жылы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын жоғары ұйымдастырушылық және мазмұндық деңгейде мерекелеуді қамтамасыз ету мақсатында арнайы қаулы жариялады⁶. Бұл да көп нәрсені аңғартса керек.



Ал енді сілтемедегі үшінші мәселеге тоқталатын болсақ, бұл айтылған пікір шындықтан алшақтамайды деуге болды. Бірақ аудармада «...ол тек философ емес, гипноздық қасиеті де болған» деп берілген сөйлем «музыка арқылы гипноздау қабілетіне ие болды... (гипнозирования посредством музыки...),»-деп қазақ тіліне аударып берілгені түсініктірек болар еді. Иә, шынында да әл-Фарабидің ең көлемді еңбегі – «*Китаб әл-муסיқа әл-кәбир* – کتاب الموسیقی الكبير» (Музыканың үлкен кітабы) деп аталатыны көпшілікке белгілі. Осы орайда, «Музыка адамның бойындағы барлық оның сезімдерін

⁵ Негізгі дереккөз: <https://farsi.khamenei.ir/news-content?id=50485>

⁶ https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/abu-nasyral-farabidin-1150-zhyldyk-mereitoiyn-daiyndau-zhanc-otkizuzhonindegimemlektetik-komissiya-kuru-turaly

ашады: қуаныш, махаббат, ренжу, қайғы және т.б. ...Музыка адамның хаостық әлемін өзгертеді және адамның ішкі үйлесімділігін қалыптастырады...»,⁷ -деп айтылған тұжырымды оймен толық қосылуға болады. Мұнан бөлек әл-Фарабидің өзі жасаған музыка аспабымен

жиында отырған жұртты бірде күлдіріп, ал енді бірде жылатып, сосын оларды музыка арқылы ұйықтатып, өзі шығып кетіп қалғаны жайындағы оқиға араб тілді жазба деректерде әртүрлі нұсқада кездесетіні рас. Сондықтан мұны жоққа шығара алмаймыз.



Ұсынылып отырған мақаланың мақсаты Әбу Насыр әл-Фарабидің Нидерландыдағы Лейден университеті кітапханасында сақтауда тұрған бірегей қолжазба трактаттарына сипаттама жасау болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады: қолжазба трактаттарды анықтау, олардың атауын және басқа кітапхана қорларында сақталған нұсқаларының тіркеу нөмерлерін табу, трактаттың басы мен соңынан үзінді келтіру, қолжазбаның көшірме нұсқасын алу және оларға ғылыми сипаттама беру.

Зерттеу нысаны – Әбу Насыр әл-Фарабидің Лейден университеті кітапханасында сақтауда тұрған бірегей қолжазба трактаттары.

Ғылыми зерттеу әдәснамасы

Мақалада әл-Фарабиге тиесілі бірегей қолжазбаларды жинау, топтастыру, саралау, тарихи салыстыру, термин сөздерді анықтау, түпнұсқадан аудару, дәйектеу, тұжырымдау, сондай-ақ

деректанулық, мәтінтанулық және хронологиялық, герменевтикалық, теоллингвистикалық бағыттағы зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылама

Әбу Насыр әл-Фарабидің жазған трактаттарының нақты саны бүгінде белгілі емес. Ибн Надим (ابن النديم) «әл-Фихрист – الفهرست» (Кітап тізімдері) атты еңбегінде әл-Фарабидің жеті трактатының ғана аты аталады. Ал Әбу әл-Қасим Сағид әл-Андалусий (أبو القاسم صاعد بن أحمد الأندلسي) «Китаб Табақат әл-умам – كتاب طبقات الأمم» (Халықтардың мәртебелері туралы кітап) шығармасында әл-Фарабидің төрт еңбегінің аты жазылған. Ал енді араб тарихшысы Жамалуддин Әбул-Хасан әл-Қафтидың (جمال الدين أبو الحسن القفطي) «Ахбар әл-улама би ахбар әл-хукама – أخبار العلماء بأخبار الحكماء» (Данышпандар туралы ғалымдардың хабарлары) шығармасында әл-Фарабидің 74 трактатын, ал енді Ибн Әбу Усайбиба (ابن أبي أصيبعة) «Уюун әл-Әнба фи табақат әл-атибба әл-атибба» (Ученые в طبقات الأطباء)

⁷ Әбу Насыр әл-Фараби. Қайырымды қала. Музыка туралы кітап. // Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы,


PS; Халықаралық Абай клубы, 2018. – 936 б. 341-342 беттерде.

(Дәрігерлердің дәрежелері жайындағы мәліметтер бұлағы) атты кітабында әл-Фараби 113 еңбегінің аты тізімделіп берілген.

Десек те әл-Фарабидің бізге жеткен трактаттарының нақты саны қазірше белгілі емес. Әлі күнге дейін кітапхана қорларында сақталып, ғылыми айналымға енбей жатқан трактаттарының саны да аз емес. Сондықтан ізденістің арқасында жаңадан табылып жатқан трактаттары да жоқ емес. Ол туралы жеке мақалада сөз етуге тұрарлық.

Ал қазірше біз Лейден кітапханасындағы әл-Фарабиге тиесілі қолжазба трактаттар жайында сөз етейік. Бұл кітапханадағы кітап қорына

шамамен 5 200 000 том, 1 000 000 электронды кітап, 70 000 электронды журнал, 2000 заманауи қағаз журнал, 60 000 шығыс және батыс қолжазбалары, 500 000 хат, 100 000 сызба кіреді. Лейден кітапханасы 1575 жылы Нидерландының Лейден қаласында құрылған. Іргелі маңызы бар алғашқы кітап 1575 жылы Вильгелм Оранский кітапханаға сыйлаған Христофор Плантеннің (*Christoffel Plantijn*) басып шығарған «*Biblia Polyglotta*»-сы болды. Бұл кітаптың берілуі кітапхананың негізі ретінде қарастырылады. Кітапхана 1587 жылы 31 қазанда университеттің қазіргі ғимаратында пайдалануға берілген.



Енді осы Лейден университетінің кітапханасындағы араб қолжазбалары арасынан Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың қолжазба трактаттарына ⁸ жеке-жеке тоқталсақ, олар мына төмендегіше:

1. *Maqālāt ar-Raḥīm fī Uṣūl ‘Ilm at-Ṭabī‘a* (Тіркеу нөмері: Or.2930). Бұл трактаттың осы тіркеудегі қолжазба нұсқасында: «*Kitāb maqālāt ar-Raḥīm fī uṣūl ‘ilm at-ṭabī‘a – كتاب مقالات الرقية في اصول علم الطبعة*» (Табиғат ғылымының негіздері жайлы жоғары мақалалар кітабы) деп жазылған. Бірақ Лейден кітапханасындағы тіркеуде «*Kitāb*» сөзі жазылмаған. Бұл қолжазбаны К.Броккельман (*Carl Brockelmann*) әл-Фарабиге тиесілі екендігін атап көрсетеді ⁹. Қазір бұл қолжазбаның осы Лейден нұсқасынан бөлек, Люнебург нұсқасы (3.570), сондай-ақ Манчестр нұсқасы (375, 377)

нөмерімен сақталған екендігі айтылады ¹⁰. Бұл трактаттың басы:

بسم الله الرحمن الرحيم وبه نستعين الحمد لله رب العالمين والصلاة والسلام على أشرف المرسلين سيدنا محمد وعلى آله وصحبه أجمعين. إعلم هداك الله سبحانه وتعالى أنّ العقل والروح والنفس ثلاثة أرواح لطايف روحانيات ركيبها الله سبحانه وتعالى في الإنسان تنبره بقدرة الله عز وجل وإرادته وحوله وقوته

«*Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын, біз көмек сұраймыз, бүкіл әлемнің Раббысы Аллаға мақтау-мадақ айтамыз. Елшілердің ең құрметтісі, Пайғамбарымыз Мұхаммедке және оның отбасы-әулетіне, бариша сахабаларына Алланың салауаты мен сәлемі болсын! Сізді бүкіл кемшілік атаулыдан пәк Алла тағала тура жолға бастасын, Расында, «Ақыл», «Рух» және «Нәпсі» бұлар бүкіл кемшілік атаулыдан пәк Алла тағаланың адам баласының ішіне орналастырған нәзік*

⁸https://catalogue.leidenuniv.nl/discovery/search?vid=3IU KB_LEU:UBL_V1&tab=SpecialCollections&offset=0&query=search_contains.al-Farabi&search_scope=SpecialCollections&lang=en

⁹ Carl Brockelmann, *Geschichte Der Arabischen Litteratur* Vol.1 1943.234

¹⁰ نسخة لاندبرغ رقمها 3 570 – نسخة مانشتستر رقمها 377, 375 مستدرکات أعيان الشيعة – حسن الأمين – ج ١ – Herizgi дереккөз: – <http://shiaonlineibrary.com> الصفحة ١٦٨

рухани үш рух екендігін біліңіз. Бұлар ардақты әрі аса жоғары Алла тағаланың ирадасы (қалауы), құдіреті мен күші арқылы адамды басқарады...», -деп басталады. Ал трактаттың соңы:

... فخلق الله منه المعادن فهي أول المركبات الثلاث وخلق أيضا من هذا المزاج البارد اليابس عظام آدم عليه السلام فتولد من ذلك خلط السوداء في الإنسان فخلق الله تعالى منه الطحال بيتا للسوداء وجعله تحت القلب يخدمه بقوة تدفع الخلط الردي عنه ليكون ذلك حفظا لجسمه ومادة لبقاء شخصه مدة عمره. والله أعلم.

«...Алла тағала жер асты қазба байлықтарын жаратты. Жер суық пен құрғақтан біріккен үш құрамдас ұнсырдың біріншісі. Алла тағала суық пен құрғақтың араласуынан Адамның (ғ.с) сүйектерін де жаратты. Осыдан адамдағы «Сәуәдты – өтті» жаратты. Енді көкбауырды осы «сәуәдты – өтті» үй – тұрақ етті, сосын адамның денесін бүкіл өмірі бойы сақтау және өзінің аман қалуы үшін зиянды нәрселерді жүректен қуып шығу арқылы жүрекке қызмет

етсін деп оны жүректің төмен (асты) жағына орналастырды. Мұның ең дұрысын – бір Алла біледі», – деп аяқталады.

Осы орайда бұл трактат 2022 жылы ҚР БЖҒМ ҒК қаржыландыруымен АР08857715 «Әл-Фараби трактаттарындағы теоллингвистикалық дискурс («Усул ылым ат-табиға», «Китабул-Ахлақ» және «Китабул-Хуруф» еңбектері негізінде)» атты жоба аясында қазақ және орыс тіліне аударылып, арабша мәтінімен бірге кітапша ретінде басылып шыққандығын айта кету орынды болмақ.

2. *Fī mā yanbağī an yuqaddama qabla ta'allum al-falsafa* (Тіркеу нөмері: Or. 184:7). Бұл трактаттың осы тіркеудегі қолжазба нұсқасында: «*Risālāh li-ʿAbī Naṣr al-Farābī fīmā yānbağī an yuqaddimā qablā ta'allum al-falsafa* – رسالة لأبي نصر الفارابي فيما ينبغي أن يقدم قبل تعلم الفلسفة» (Әбу Насыр әл-Фарабидің филофосияны үйренуден бұрын нені білу қажеттілігі жайындағы трактаты) деп жазылған.



Бір ескеретіні Лейден кітапханасындағы тіркеуде: «*Risālāh li-ʿAbī Naṣr al-Farābī...*» (Әбу Насыр әл-Фарабидің ... трактаты) деген сөз тіркесі жазылмаған. Бұл трактаттың бірнеше нұсқалары бар. Нақтырақ айтар болсақ, Мысырдағы әл-Азһар кітапханасындағы хижраның 1366 жылға дейінгі кітаптар каталогы – 3/505,

сондай-ақ Мысырдағы Дарул кутуб әл-Мысырия кітапханадағы 1921 жылға дейінгі араб кітаптарының каталогы – 1/251 және АҚШ-тың Принстон кітапханасындағы қолжазба бөлімінде – 464H нөмерімен (Islamic Manuscripts, Garrett no. 464H. Princeton University. Source publication. Figure 1. [*Risālāh al-Ighrīdīyah ... etc.*]) әл-

Фарабидің 5 трактатының қолжазбасы сақталуда. Соның бірі біз сөз етіп отырған «...*фимә йанбәғи ән юқаддимә қаблә та'аллум әл-фәлсәфә*» атты трактат.

Бұл трактаттың басы:

قال أبو نصر الفارابي: الأشياء التي يحتاج إلى تعلمها ومعرفتها قبل تعلم الفلسفة التي أخذت عن أرسطو، وهي تسعة أشياء: الأول منها أسماء الفرق التي كانت في الفلسفة. والثاني معرفة غرضه في كل واحد من كتبه. والثالث المعرفة بالعلم الذي ينبغي أن يبدأ به في تعلم الفلسفة. والرابع معرفة الغاية التي يقصد إليها في تعلم الفلسفة. والخامس معرفة السبيل التي يسلكها من أراد الفلسفة. والسادس المعرفة بنوع كلام أرسطو كيف يستعمله في كل واحد من كتبه. والسابع معرفة السبب الذي دعا أرسطو إلى استعمال الأغراض في كتبه. والثامن معرفة الحال التي يجب أن يكون عليها الرجل الذي يوجد عنده علم الفلسفة. والتاسع الأشياء التي يحتاج إليها أنت أراد تعلم كتب أرسطو.

«Әбу Насыр әл-Фараби: Философияны үйренуден бұрын біліп, үйреніп алуы тиіс нәрселерді мен өзім Аристотельден алынып отыр дей келе: Ол мына тоғыз нәрсе: біріншісі – Философиядағы ағымдардың аттарын білу; екіншісі – (Аристотельдің) әрбір кітабының мақсатын білу; үшіншісі – Философияны зерттеуге негіз етіп алынған ғылымды білу; төртіншісі – Философияны зерттеу мақсатының маңызы; бесіншісі – Философияны ұғынғысы келген кісінің дұрыс жолды таңдап ала білуі; алтыншысы – Аристотельдің әрбір кітабының тіл ерекшеліктерін білу; жетіншісі – Өзінің кітаптарын Аристотельдің нәліктен тұспалдап жазған себептерін білу; сегізіншісі – Философиядан білігі бар адамның қандай күйде болуға тиіс екенін білу; тоғызыншысы – Аристотельдің кітаптарын зерттегісі келетін адамға қажетті нәрселер...», -деп басталады.

Ал трактаттың соңы:

وهذه الكتب تحتاج إلى قرائتها قبل المنطق، لأنها تحرّص على معرفة العلة في رسم كل واحد منها والذي بقي منها معرفة الأبواب المنقسم إليها كلّ واحد من كتبه، وعلم ذلك يحتاج إليه عند قراءة كل واحد منها والسلام

«...Бұл кітаптарды «Логикадан» бұрын оқып шығу керек; бұлар осы кітаптарды жазуға не себеп болғанын білуге ынталандырады. Ал ендігі қалатыны – барлық

осы кітаптардағы тарауларды білу – бұл әрбір кітапты оқыған кезде қажет болады», -деп аяқталады. Осы трактатында әл-Фараби: «Философияны зерттеу мақсатына келетін болсақ, мұның өзі – барлық нәрсенің қозғаушысы, себебі, өзгермейтін және бірегей бәрінен жоғары Жаратушыны тану. Ал мұның осылай болатын себебі Ол (Жаратушы) – өзінің кеңпейілімен, даналығымен, әділеттілігімен осы дүниені жасаушы және құрушы...», – деп жазады.

Бұл трактатты «...М.М. Хайруллаев 1963 жылы Ташкентте алғаш рет өзбек тілінде аударды. Орыс тіліндегі аудармасы алғаш рет Фр. Диетерицидің сын көзбен аударған арабша мәтінінен жасалып жарияланған»,¹¹ -делінеді. Қазақ тіліндегі аудармасы 1973 жылғы орыс тіліндегі нұсқасынан жасалынған.

3. *'Uyūn al-Masā'il* (Тіркеу нөмері: Or.184:13). Бұл трактаттың осы тіркеудегі қолжазба нұсқасында: «*Уюну әл-Мәсәәил ли Әби Наср әл-Фараби – نصر الفارابي «عيون المسائل لأبي نصر الفارابي*» (Әбу Насыр әл-Фарабидің Мәселелердің бастауы) деп жазылған. Бірақ жоғарыдағы тіркеуде: «...*ли-Әби Наср әл-Фараби...*» (Әбу Насыр әл-Фарабидің...) деген сөз тіркесі жазылмаған. Бұл трактаттың қолжазба нұсқалары көптеген кітапханалардың қорында сақталуда. Нақтырақ айтар болсақ, Берлин Мемлекеттік кітапхана – 5061 (Германия); Манчестер – 384P (Англия); Фадил Ахмед Паша 1604/3 (Түркия); Рампур, 1/402, Хайдарабад – 3/756 №736 (Үндістан); әл-Бируни атындағы Шығыстану институтының кітапханасы – 2385 (Өзбекстан); әл-Азһар кітапханасындағы 1366 һижра жылына дейінгі кітаптар каталогы – 3/514; Әл-Азһар кітапханасы [237] 13646 (Мысыр); Принстон кітапханасы – 464 h (АҚШ); Дарул кутуб әл-Мысырия кітапханадағы 1921 жылға дейінгі араб кітаптарының каталогы – 1/254 (Мысыр).

4. Трактаттың басы:

5. العلم ينقسم إلى تصوّر مطلق، كما يتصوّر الشمس والقمر والعقل والنفس؛ والى تصوّر مع تصديق، كما يتحقّق كون السموات كالأكرّ بعضها في بعض، ويُعلم أنّ العالم محدث

¹¹ Әбу Насыр әл-Фараби. Қайырымды қала. Музыка туралы кітап. // Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, PS; Халықаралық Абай клубы, 2018. – 936 б. (825-бетте).



«Білім жалпы елеске бөлінеді. Мысалы: адамның өзіне күнді, айды, ақыл-парасатты, жанды көз алдына елестеткен жағдайы және растаумен бірге жүретін елеске бөлінеді: мысалы, аспан бірінің ішінде бірі орналасқан сфераның мәні екендігі немесе әлемнің жаралған дүние екенін расталғаны сияқты...», – деп басталады.

Ал трактаттың соңы: «...Дәл сол сияқты кесапаттық та оның тағдыры мен шешіміне жатады, яғни олар зұлымдық туатын нәрсемен қоса жүреді. Бұлар пайда болуға және жойылуға жататын нәрселермен ұшырасады. Бірақ, кесапагық дегеніміз акцидентальді түрде мақтауға лайық себебі, бұлар (кесапаттық, зұлымдық) болмаса көптеген нығметтер ұзақ болмас еді. Егер де нәрселердің құрметін арттыратын ұлық нығмет аз ғана зұлымдықтан қашқақтайтын болса, онда зұлымдық одан әлде қайда басым болар еді», – деп аяқталады.

Әбу Насыр әл-Фарабидің осы жоғарыда айтылған трактаттардан бөлек Лейден кітапханасында: «*Китаб әл-Муסיқа* – كتاب (الموسيقى) (Музыка кітабы); «*Фи вужуб синъат әл-Кимийа* الكيمياء (في وجوب صناعة الكيمياء) (Химия өнерінің қажеттілігі жайлы); «*Ағрад илм мәә баьда әт-Табиға* – أغراض علم ما بعد الطبيعة (Метафизика ғылымының мақсаттары); «*Әл-Фусус әл-Хикәм* – الفصص الحكم (Даналық маржаны); «*Әс-Сиясә әл-Мәдания* – السياسة المدنية (Азаматтық саясат); «*Фи*

مبادئ آراء «أهل المدينة الفاضلة» (Қайырымды қала тұрғындары көзқарастарының негіздері); «*اتفاق رأيي الحكيمين*» (Екі дананың – Платон мен Аристотельдің ой-пікірлерінің келісімі) деген трактаттары да сақталған. Бұл трактаттар жайында толығырақ осы мақаланың жалғасында айтатын боламыз. Қазірше мақаланың көлемі шектеулі болғандықтан осы айтылғандармен шектеліп қорытынды жасауымызға тура келеді.

Қорытынды және тұжырымдама

Әбу Насыр әл-Фарабидің бізге жеткен трактаттары күні бүгінге дейін бір орынға жинақталмай, әлемдегі әр түрлі кітапханалардың қорында сақталып келе жатқаны ақиқат. Тіпті бұл трактаттардың нақты саны мен толық аты берілген каталогы әлі де жасалмай жатқаны өкінішті-ақ. Мұндай жағдайда әл-Фарабидің ғылыми айналымға енбеген біршама трактаттары туралы сөз етудің өзі артық. Негізі қазір интернет желісінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, әл-Фараби бабамыздың жазба мұрасының ортақ базасын жасауға болады. Біз шамамыз келгенше осы бағыттағы жұмыстарды жасауға әрекет етіп келеміз. Осы мақала да соның бір дәлелі деуге болады. Алыс-жақын шетелдердегі кітапхана қорларында сақталған әл-Фараби бабамыздың

қолжазба күйіндегі трактаттарын анықтау әрі оларды мүмкіндігінше көшірме нұсқаларын жинақтау ісі жалғасып жатыр. Біз бұл мақалада Нидерландыдағы Лейден университеті кітапханасында сақтауда тұрған әл-Фараби бабамызға тиесілі қолжазба трактаттардың қандай трактаттар екендігін анықтап, олардың тіркеу нөмерлерін таптық. Нақтырақ айтар болсақ, олар мына төмендегіше атаумен тіркелген: *Maqālāt ar-Raḥī'a fī Uṣūl 'Ilm aṭ-Ṭabī'a* (Тіркеу нөмері: Or.2930); *'Uyūn al-Masā'il* (Тіркеу нөмері: Or.184:13); *Fī mā yanbağī an yuqaddama qabla ta'allum al-falsafa* (Тіркеу нөмері: Or. 184:7); *K. al-Mūsīqī* (Тіркеу нөмері: Or.14:9); *Fī Wuğūb Sinā'at al-Kīmiyā* (Тіркеу нөмері: Or.1002:8); *Ağrād 'Ilm mā ba'd aṭ-Ṭabī'a* (Тіркеу нөмері: Or.1002:6); *Al-Fuṣūṣ fī'l-Hikma* (Тіркеу нөмері: Or.1002:1); *Al-Fusus fil-Hikma; and other texts* (Тіркеу нөмері: Or.1002); *As-Siyāsa al-Madaniyya* (Тіркеу нөмері: Or.1002:3); *Fī Mabādi' Ārā' al-Madīna al-Faḍīla* (Тіркеу

нөмері: Or.1002:4); *Ġawāmi' as-Siyar al-Marḍiyya fī'qtinā' al-Faḍā'il al-Insiyya* (Тіркеу нөмері: Or.1002:5); *Ittifāq Ra'y al-Hakīmāin Aflāṭūn wa-Arisṭātālīs* (Тіркеу нөмері: Or.2931). Жалпы саны – 12 трактат. Оның біреуі қайталаңады. Ал енді біреуі ғылыми айналымға әлі ене қоймаған трактат екені анықталып отыр. Біз осы мақаланы жазу барысында тізімде көрсетілген алғашқы 3 трактатқа ғана қысқаша сипаттама бере алдық. Ал қалғандарына сипаттама беру мәселесі алдағы зерттеу мақалаларымызда жалғасын табады.

Қаржыландырылуы

Бұл зерттеу мақала ҚР БҒМ ҒК тарапынан қаржыландырылған ЖТН АР19679483 «Әл-Фараби трактаттарындағы педагогикалық мұраларын қазіргі білім жүйесіне кіріктірудің ғылыми-әдістемелік негіздері» атты жоба аясында әзірленді.

Әдебиеттер

- Derbisali A. (2020) Abu Nasir al-Farabi – Ulı dalanın dara tulgası [Abu Nasir Al-Farabi is a unique person of the Great Steppe]. *Kazakh University*, 420 p. (In Kazakh)
- Yesim G. (2020) Dunietanım bayanı [The narrative of the worldview]. *Dauir publishing house*, 400 p. (In Kazakh)
- Blavatsky H.P. (1892) *The Theosophical glossary*. London
- Main source: <https://farsi.khamenei.ir/news-content?id=50485> (In Persian)
- On the establishment of the state commission for the preparation and holding of the 1150th anniversary of Abu Nasir al-Farabi*, Legal acts, 2019, August 26. https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/abu-nasyr-al-farabidin-1150-zhyldyk-mereitoiyn-daiyndau-zhane-otkizu-zhonindegi-memleketik-komissiya-kuru-turaly (In Kazakh)
- Abu Nasir al-Farabi. Qayırımı qala. Muzika turalı kitap (a) [Abu Nasir al-Farabi. Kind city. A book about music]. *Aleumettik-etikalıq traktattar*. 2018: 341-342 pp. (In Kazakh)
- https://catalogue.leidenuniv.nl/discovery/search?vid=31UKB_LEU:UBL_V1&tab=SpecialCollections&offset=0&query=any,contains,al-Farabi&search_scope=SpecialCollections&lang=en
- Brockelmann C. (1943) *Geschichte Der Arabischen Litteratur*, vol.1, 234
- Main source: <http://shiaonlinelibrary.com> (In Arabic)
- (375, 377, نسخة لاندبرغ رقمها 570 3 – نسخة مانشتتر رقمها 377) (In Arabic)
- Abu Nasir al-Farabi. Qayırımı qala. Muzika turalı kitap (b) [Abu Nasir al-Farabi. Kind city. A book about music]. *Aleumettik-etikalıq traktattar*. 2018: 835 p. (In Kazakh)
- Ahmet Ateş, (1951). Bibliography of Farabi's Works". TTK Belleten, p. 175-192
- Ahmed Shams El-Din, (1990) Al-Farabi. His life, his effects, his philosophy. Scientific Books House, Beirut, Lebanon.
- Khaled El-Rouayheb, Sabine Schmidtke (2016) Damien Janos. Al-Fārābī's (d. 950) On the One and Oneness: Some Preliminary Remarks on Its Structure, Contents, and Theological Implications. *The Oxford Handbook of Islamic Philosophy*.
- Yaqoub Bakr, Ramadan Abdel Tawab, Brockmann K. (2018) *The History of Arabic Literature, Part IV, Third edition*, Dar Al Ma'aref, Cairo, p. 141.